



SYR TÚLEGI

student jastar gazeti

1992 жылдың мамырынан бастап шығады

№4 (429) 10 қараша, 2021



ҚҰРМЕТТІ СТУДЕНТТЕР!

Еліміздің дамуы, бәсекеге қабілетті Елдердің алдыңғы қатарында болуы – жастардың қолында. Сондықтан жаңа буынның білімі мен біліктілігі, тәрбиесі мен тәлімі біздің қоғамның бейнесіне айналады. Бүгінде елімізде жастардың сапалы білім алуы, мамандықты дұрыс таңдауы және қоғамнан өз орнын табуы - білім саласы ұйымдарының басты назарында.

«Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» - деп Ұлы Абай атамыз айтқандай, бойда күш-жігер бар кезде уақытты ұтымды пайдаланып, үнемі ізденіс үстінде болу керек. Сіздер тәуелсіз елде тәрбиеленген ұрпақтың жаңа буынысыздар. Сондықтан, өз еңбектеріңізбен, білімге, ғылымға деген ұмтылыстарыңызбен еліміздің даңқын

асыруға үлес қосатындарыңызға сенемін.

Сіздерді 17 қараша-Халықаралық студенттер күнімен құттықтаймын! Адамның ең ыстық естеліктерінің бірі-студенттік шақ. Қызыққа толы төрт жылда алар асуларыңыз бен шығар биіктеріңіз көп болсын! Білім жолында жарқын жетістіктер, толағай табыстар тілеймін!

УНИВЕРСИТЕТ РЕКТОРЫ ХАЛЫҚ АЛДЫНДА ЕСЕП БЕРДІ

Сексен бес жылдық тарихы бар, сұранысқа сай сапалы кадр даярлау ісінде өзіндік орны қалыптасқан білім ордасы өткен оқу жылын маңызды жетістіктермен қорытындылады.

Университет Қазақстан Республикасының үздік жоғары оқу орындарының ондығына кіреді. Қазақстанның үздік көпбейінді жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингінде 8-орында. Ал сұранысқа ие жоғары оқу орындары Ұлттық рейтингінде 7-орында. Бұл туралы университеттің Басқарма Төрағасы-Ректоры Бейбіткүл Кәрімова 2020-2021 оқу жылында атқарған жұмыстары туралы есепті кездесуінде баяндады.

Жалғасы 2 бетте ▶

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАС АҚЫНДАР АЙТЫСЫ ӨТТІ

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына орай Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде студенттер арасында республикалық жас ақындар айтысы болып өтті.

Қазақтың төл өнері айтысты жастар арасында насихаттау, ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, өскелең ұрпақты ұлттық өнерге баулу мақсатында ұйымдастырылған дүбірлі додада еліміздің жоғары оқу орындарынан келген 14 ақын өнер көрсетті.

Өнер додасында бабы мен бағы қатар жанып, республикалық жас ақындар айтысында бас жүлдені Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің студенті Алтынай Қанапия иеленді. Жұлделі 1-орынан Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 2-курс студенті Жамбыл

Бакытәлі көрінсе, 2-орын Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ұларбек Жеңісбек пен университетіміздің 4-курс студенті Бексұлтан Орынбасаровқа табысталды. Ал Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 4 курс студенті Еркеғали Бекболат пен Павлодар педагогикалық университетінің 1-курс студенті Мизан Жұмали 3-орынды теңдей бөлісті. Сонымен қатар, орамды ойы мен сөзі келісіп, халықтың ықыласына бөленген Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы 3 курс студенті Саламатов Мейірбек айтыстың ақтаңгері Мұхтар Ниязовтің арнайы жүлдесімен марапатталса, Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 4 курс студенті Фариза Жетпісбаева Ректордың арнайы жүлдесін иеленді.



ӘЙГЕРІМ ЕСЕНАЛІ
Гипер-белсенді студент болдым...



ҚАМШЫБЕК ҚОҢҚАБАЕВ
Университеттің қолдауын сезіндім...



ТОЛҚЫН ҚАБЫЛША
Новатор ұстаздардың рухын сезініп жүрдік...

4-бетте ▶

Жалғасы

Бүгінде оқу орнында бакалавриат бойынша 7300 студент, магистратура бойынша 719 магистрант, докторантура бойынша 34 докторант білім алады. Студенттер контингентін қалыптастыру мақсатында жүйелі жұмыс жасау үшін 2020 жылы арнайы Рекрутинг орталығы ашылды. Нәтижесінде білім алушылардың жалпы контингенті 8053 адамға дейін ұлғайып, өсу 52%-ды құрады. Бәсекеге

жұмыстарының конкурсы өткізілді. Байқау нәтижесінде 4 жоба жалпы көлемі 10 млн теңге көлеміндегі университет грантын иеленді, - деді Б.Кәрімова.

Білім ордасының ғалымдары облыс экономикасына үлес қосатын жаңа жобалар әзірлеуде. «Бизнесің жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша қауын чипсиын дайындау технологиясы жасап шығарылды. Сонымен қатар, инженерлік бейіндегі зертхананың ғылыми қызметкерлері Португалия, Нидер-

әлеуметтік белсенділігін көтерудің ең маңызды жолы болып табылады. Университетте 21 жастар ұйымы жұмыс істейді.

Спорттың 11 түрінен 21 спорт секциясы бар. Қазіргі таңда университетіміздің спортшы студенттері арасында 5 Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 32 Қазақстан Республикасының спорт шебері, 53 Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне үміткер, 33 Қазақстан Республикасының Ұлттық құрама командасының мүшелері білім алады.

УНИВЕРСИТЕТ РЕКТОРЫ ХАЛЫҚ АЛДЫНДА ЕСЕП БЕРДІ

қабілетті, қазіргі уақыт талабына сай маман даярлау үшін оқу орнында жаңа бастамалар жүзеге асуда.

Өңірге қажетті мамандарды даярлау және жаңа мамандықтар Атласы бойынша 2023-2025 жылдарда пайда болатын жаңа мамандықтарға оқу үдерісінде шетелдік тәжірибеге талдау жасай отырып 6 инновациялық, 1 бірлескен және 49 жаңаланған білім бағдарламасы әзірленіп, Реестрге енгізілуде.

- Университеттің ғылыми зерттеу жұмысын жалпы қаржыландыру көлемі өткен жылмен салыстырғанда 20 пайызға өсті. Биыл университетте жас оқытушыларды ғылыми-зерттеу қызметіне тарту мақсатында алғаш рет жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу

ланды, Дания, Ресей, Беларусь және Украина ғалымдарымен бірлесіп Horizon-2020 бағдарламасы аясында Түйе тікенегінен Альцгеймер және Паркинсон ауруларына қарсы дәрі жасауға арналған Еуропалық Одақ грантын жеңіп алды.

-Сыр өңірінің археологиясын зерттеуге «Археология және этнография» ғылыми орталығы елеулі үлес қосып келеді. Университет археологтары облыс әкімдігінің қолдауымен 2020-2021 оқу жылында Жанкент, Сортөбе, Асанас ортағасырлық қалашықтарындағы қазба жұмыстарын жалғастырды, - деді білім ордасының басшысы.

Студенттік өзін-өзі басқару – болашақ мамандардың университет қабырғасында

Есепті кездесуге облыс әкімінің орынбасары Б.Шәменова, облыстық мәслихат хатшысы Н.Байқадамов, қала әкімі Ғ.Қазантаев, облыстық мәслихат депутаты Қ.Бисенов, облыстық білім басқармасының басшысы А.Қасымов, халық қалаулылары, қоғам белсенділері, серіктестер мен түлектер қатысты. Сондай-ақ, сала өкілдері, білім беру ұйымдарының басшылары, университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы мен білім алушылары, БАҚ өкілдері болды.

Университет басшысы «Бұл жетістіктерге ұжымның ауызбіршілігі мен ұйымшылдығының арқасында, оқытудың жоғары сапасын қамтамасыз ету нәтижесінде қол жеткізілді» деп қорытындылады.

ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНАН КӨРІНДІ

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай, Шымкент қаласында республикалық «Күміс домбыра» жыр бәйгесі өтті. Аламан айтысқа еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған суырып салма ақындар қатысты. Жастар арасында алғаш рет ұйымдастырылған өнер додасында Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 4 курс студенті Бексұлтан Орынбасар жүлделі II орынды жеңіп алды.

- Өрине қарсыластарым мықты болды. Бұл жерде біздің мақсатымыз сөз таластыру емес, тыңдарманның көңіл түкпіріне ой салу. Тәуелсіз елдің ұланы ретінде еліміздің жеткен жетістігі мен жастарға берілген мүмкіндіктерді жырладым. Нәтижесінде жүлдегерлер қатарынан көріндім. Кендігімен танылған байтақ елімді жырлаудан шаршамаймын, - деді Бексұлтан Орынбасар.



СТУДЕНТТЕР «ҚАМБАШ» ЛАГЕРІНЕ ДЕМАЛЫСҚА БАРДЫ



Ағымдағы жылы университет студенттері арасында «Вакцина ал, ұтысқа ие бол!» байқауы ұйымдастырылған болатын. Нәтижесінде университеттің фитнес залына 30 адамға жолдама, «Сейхун» спорттық-сауықтыру кешенінің бассейніне 30 жолдама, Нұр-Сұлтан қаласына 2 күндік экскурсия, тынығу лагеріне 3 күндік демалысқа 30 жолдама табысталған болатын.

Тынығу лагеріне жолдама ұтқан ұтыскерлер мен университеттің белсенді жастары Арал ауданына қарасты «Қамбаш» тынығу лагерінде үш күн демалып, арнайы бағдарламалар бойынша қызықты шараларға қатысты. Спорттық, интеллектуалдық сайыс

-тар мен рухани-шығармашылық кездесу, би сайысы, жайдарман және басқа да ойындар уақыттың пайдалы өтуіне үлес қосты. Демалыс соңында белсенді студенттерге түрлі номинациялар мен сертификаттар табысталды.

Айта кету керек, студенттік лагерь жыл сайын ұйымдастырылып отырады. Негізгі мақсаты – университет жастарының тегеурінді тұлға, белсенді жас, көшбасшы болып қалыптасуына жол ашу болып табылады. Бұл жолы да үш күндік шара жастардың ойын бір арнаға тоғыстырып, идея алмасуына үлкен мүмкіндік жасады.

ҚЫЗЫЛОРДАДА ИНСТИТУТ ФИЛИАЛЫ АШЫЛДЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтының филиалы ашылды.

Айта кету керек, елімізде институт филиалы ЖОО арасында алғаш рет құрылды. Ынтымақтастық меморандумына Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы-ректоры Бейбіткүл Кәрімова мен институттың І вице-президенті Иса Самсаев қол қойды.

Меморандум аясында алдағы уақытта Қызылорда облысы педагогтерінің біліктілігін арттыру курстары өткізіліп, рухы биік тұлға қалыптастыру мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылатын болады.

- Қазіргі кезде білім алушылар мен оқытушыларға рухани құндылықтарды қалыптастыру жұмыстарын жүргізу өте пайдалы болмақ. Себебі, карантиннен кейін дәстүрлі форматқа қайта оралу оңайға түспеді. Филиал қызметкерлерімен бірлесе



отырып, жастардың тұлғалық дамуы, ішкі үйлесімділіктерін қалыптастыруда ілкімді істер жүзеге асырылады,-деді Бейбіткүл Сәрсемханқызы.

Университет пен институт арасындағы келісім шеңберінде №7 оқу ғимаратынан 2 дәрісхана бөлінді. Олардың толықтай жабдықталуы ұлттық институт тарапынан.

- Институт филиалын ашу жұмыстары бойынша алғашқы қадамды Қызылорда облысынан бастап отырмыз. Біздің аға оқытушылар аймақтағы педагогтер мен жоо оқытушыларына «Өзі-өзі тану» бағдарламасын үйретіп, біліктіліктерін арттырады. Арнайы іс-шаралар ұйымдастырылатын болады,- деді Иса Мұсаұлы.

ҒАЛАМТОРДАҒЫ РАДИКАЛДЫ ИДЕОЛОГИЯҒА ҚАЛАЙ ҚАРСЫ ТҰРАМЫЗ?

Ислам діні атын жамылып деструктивті діни ағымдардың жақтастары кез-келген бағыт бойынша, соның ішінде ғаламтор арқылы жастарымыздың санасын улап, қоғамға іріткі салып бағуда. Бұл тұрғыда әлеуметтік желінің пайдасынан зияны басымырақ екені күн өткен сайын дәлелденіп келеді. Мысалы, деструктивті діни ағымның жетегінде кеткендердің 88% пайызына түрлі әлеуметтік желілердің әсер еткені белгілі.

Таяу Шығыста белең алған лаңкестік әрекеттерімен танылған «ДАИШ» халықаралық террористік ұйымы әлеуметтік медиа және ғаламторлық технологиялық қосымшаларды пайдалану арқылы өзге елдерден келген содырлармен қатарын көбейтті. Әлем бойынша ұйымдарға қосылушылардың 80% - дан астамы онлайн ой мен ұсыныстардың құрбандары. Олардың негізгі нысанасы әлеуметтік жағдайы осал, толық қалыптаспаған және діни сауаты жоқ, жұмыссыз жандар.

Радикалды ағымдар көбінесе «Facebook», «Вконтакте», "Tapatalk", «Одноклассники», «Instagram», «Telegram», «Tik-tok» әлеуметтік желілерінде кең қолданысқа ие. Экстремистер желіге жіпсіз байланған жастарды аңдып-зерттеп, шабуылдар жасайды, назар аударту мақсатында түрлі форматта контент жасайды. Әсіресе, жасөспірімдер арасында танымал болған «Tiktok» таптырмас құрал.

Ғаламторда тағы бір ұсынылатын контент – ол қайырымдылық жасау, өз парақшаларында құран аяттары мен сүннет амалдары, сауда саласында жарнамалар, т.б. ақпараттық материал жариялау. Желі қолданушыларының назарын аударатын инфографикалық және анимациялық роликтер де сол қатарға қосылады.

Күмәнді контенттің дені шетелдік экстремистік уағызшылардың лекциясы. Соған қарамастан, деструктивті бағыттағы идеологиялық топтар өз насихаттарын жалғастыруға тырысуда. Сондықтан елдің, ұлттың, халықтың тұтастығын сақтап қалу үшін, өздерін ғана ақылды санайтын жат ағымдардан барынша сақтану қажет. Ұлттық құндылықтарды насихаттау, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптарымызды ұлықтау - жастарды дұрыс жолдан жыра кеткен ағымдардан құтқарып қалу жолындағы бір тәсіл. Ел бірлігі мен мемлекет қауіпсіздігіне зиян келтіретін діни ағымдардың жетегіне кетіп қалмау шараларына баршамыз атсалысуымыз қажет.

Нұрлан ТӘШМОВ,
Қызылорда облысының
дін істер басқармасы
Дін мәселелерін зерттеу
орталығының бөлім басшысы

СТУДЕНТТЕР ҰСЫНЫСЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Университеттегі әр білім алушының ұсынысы мен пікірі маңызды. Олардың кәсіби білікті кадр болып қалыптасуы үшін қолайлы жағдай жасалуы қажет. Осы мақсатта Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы-ректоры Бейбіткүл Кәрімова білім алушылармен арнайы кездесті. Университет институттарының 5729 студенті жиылған кездесулерде білім саласына қатысты түрлі сұрақ қойылды.



Ауқымды жиында Бейбіткүл Сәрсемханқызы жастардың жоғары білімді, тәрбиелі, мәдениетті тұлға болуы үшін бар мүмкіндік қарастырылғанын атап өтті. Бүгінде университет Қазақстан Республикасының үздік жоғары оқу орындарының ондығына кіреді. Кейінгі жылдары білім алушылар контингенті артты. Сапалы кадр даярлаудағы жұмыс нәтижесі студенттердің жұмысқа орналасуына тікелей байланысты десек, бұл орайда көрсеткіш өткен жылы 91 пайызды құрады. Оқу орнында дәрісханалар

қайта жаңғыртылып, соңғы үлгідегі технологиялармен жабдықталуда. Сондай-ақ, студенттер кітапханада электронды ақпараттық ресурстарға қол жеткізе алатынын, өткен жылы арнайы AIBS «MegaPRO» бағдарламасы сатып алынғанын айта кету қажет.

Кездесу барысында білім алушылар 2020-2021 жылдары оқу орнында атқарылған жұмыстармен қатар алдағы даму жоспарларымен танысты. Діни экстремизмнің алдын алу, қаржы пирамидасынан сақтану қажеттігі туралы бейнероликтер көрсетіліп, қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау қажеттігі айтылды.

Жиында студенттер оқу процесі, өзін-өзі дамыту курстары, шетелде оқу бағдарламалары, инфрақұрылымға байланысты түрлі сауалдар қойды. Әсіресе, «Ректор грантын қалай иеленуге болады?», «Қос диплом» бағдарламасы бойынша қалай білім алуға болады?», «Шетелде білім алуға арналған қандай бағдарламалар бар?» деген сауалдар жиі қойылды. Басқарма төрағасы-ректор Бейбіткүл Сәрсемханқызы студенттердің әрбір талап-тілегі ескерілетінін атап өтті. Ұсыныстарын кез-келген уақытта арнайы келіп немесе әлеуметтік желіде жолдауға болатынын да жеткізді. Ең бастысы білім алушылар сапалы білім алу мүмкіндігін дұрыс пайдаланып, жан-жақты тұлға болып қалыптасуы қажеттігін баса айтты.

- 1. Өмір кітабының ең қызықты беттері студенттік кезде жазылады дейді... Келісесіз бе ?**
- 2. Қандай студент болдыңыз? Студенттік шақтың қызықтарымен бөліссеңіз...**
- 3. Сіздің мықты маман болып қалыптасуыңыз – ұстаздарыңыздың еңбегі десек бола ма?**



**ӘЙГЕРІМ
ЕСЕНӘЛІ,
тележүргізуші:**

1. Студенттік кезең – махаббаттың да алғашқысын, таныстықтың да алғашқысын сезіндіретін, эмоцияға толы тәтті

кезең. Менің де студенттік шағым - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің қабырғасында өтті. Мен тек «Филология» мамандығының студенті ғана емес, бүкіл Қорқыттың студенті болдым. Себебі, барлық іс-шараның бел ортасында жүретінмін.

2. Мен гипер-белсенді студент болдым. Білім алып қана қоймай, сол шақта қосымша жұмыс атқардым. Шығармашылығымның бастауы болған «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасында «17 жастар» бағдарламасын жүргіздім. Одан соң, «Дене шынықтыру және спорт» басқармасында баспасөз хатшысы қызметін атқардым. Оқушылар сарайында жас журналистерге арналып ашылған алғашқы курстың ұстазы болдым.

3. Мен өзімді филолог ретінде мықты маман деп есептемеймін. Себебі, ол салада қызмет етіп көрмедім. Ал, журналистика саласында сынға ұшырамай жүрген журналистердің қатарындамын. Қазақ журналистикасының қара нары Қайнар Олжайдың қателескен журналистерді жазып отыратын қара дәптері бар. Сол кісі өткенде «Әйгерім, сені бірде-бір рет жазбадым-ау, осы», - деп мақтап жатыр. Соның бір шеті осы ұстаздарымның арқасы деп білемін. Білікті мамандарға толы білім ордасы Алаш жұртын алға жетелер білімді ұрпақтардың әлі талайын түлетері сөзсіз.



**ҚАМШЫБЕК
ҚОҢҚАБАЕВ,
кәсіпқой боксшы:**

1. Студенттік кез – балалықпен қоштасып, болашаққа мақсат құрып, жолыңды айқындайтын кез деп білемін. Белгілі бір салаға машықтанып,

оның қыр-сырын ұқсам екен деп ниет етіп жүрген тәтті кезең. Менің өмірімнің де осы тәтті кезенінің ерекше естеліктері тарих беттерінде таңбаланып тұр. Әскерден келген соң, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Құқықтану» мамандығына оқуға түстім. Одан соң, сырттай оқу негізінде «Дене шынықтыру және спорт» мамандығын игердім.

2. Өз қатарластарыммен оқымағаннан болар, өте тыныш студент болдым. Бар уақытымды, бар ынтамды спортқа арнаған студенттер қатарынанмын. Реті келсе сабақтан қалмауға тырысатынмын. Кейде жаттығулармен, жарыспен сыртта жүремін. Бірақ, жіберген сабақтарымнан міндетті түрде қосымша тапсырмалар алып, өз еңбегіммен бағалануды құп көретінмін.

3. Әрине, менің осындай биік жетістіктерге жетуіме бірден-бір себепші – менің ұстаздарым. Осы тұрғыда оқу-жаттығу жиындарына кеткенімде, жарыстарда түсіністікпен қарап, қайта қолдау көрсеткен барша ұстаздарыма алғыс айтамын. Білім ордасы сапалы білім беріп қана қоймайды, жастардың спортпен шұғылдануына, өзін дамытуына бар мүмкіндіктерді қарастырған. Жас спортшыға білім ордасынан берілер көмек, қолдау қашан да маңызды.



**ТОЛҚЫН
ҚАБЫЛША,
ақын, «Qyzylorda»
телеарнасының
журналисі:**

1. Мен өмірді шексіз сүйетін адаммын. Өмірдің әрбір мезетінен бір ғанибет сезініп жүремін. Мен үшін сол жылдардың

елесі ақындық жолың қуып, өз қолтаңбамды қалыптастыруға ұмтылған, шарқ ұрып, жан дүниендегі құбылысты толыққанды сезініп, мойындап үлгермеген жылдардың еншісімен сабақтастырамын. Біз білім алған жыл белгілі ғалым Бағдат Кәрібозұлының, қаламгер Бауыржан Омаровтың, Руслан Рүстемовтің мұғалім ретіндегі өзіндік еншісі қалған жылдармен тұспа-тұс келді. Сондықтан нағыз жаңашыр, новатор ұстаздардың рухын сезініп жүрдік.

2. Менің болмысыма тән бір ерекшелігім – ол менің ақындығым. Университет қабырғасында үнемі поэзия кештерінде жыр оқитынмын. Және сол жырларымның өміршендігіне сеніммен қарап, әр кешке рухтанып баратынмын. Негізі, қолынан кітабы түспейтін, сабақты жақсы оқыған, үнемі ізденісте жүретін студенттер қатарынан болдым.

3. Бізді тағылымға жетелеп, ұлттық сөз өнеріне деген құрметімізді арттырған, журналистика мамандығының өзіне тән жауапкершілігін, қиындығын сезіндірген әрбір ұстазға алғысым шексіз. Фундаменті сонау ертеректе қалыптасқан, тарихымызбен сабақтас, ұлт зиялыларын қалыптастырған, өмір мектебін тәрбиелеген іргелі білім ошағы ретінде менің өмірімде айшықты орны болып тұрары кәміл.

Сұқбаттасқан: Аида БАТУХАН

ПРЕЗИДЕНТТІК СТИПЕНДИЯ ИЕГЕРІ – АЗАМАТ АБИМОЛДА!

Білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар, - деп дана халқымыз айтқандай, білім – жеңілмейтін қару, қараңғы түнде адастырмас жарық жұлдыз іспеттес. Ел президенті өз жолдауында білімді ұрпақтың ел ертені үшін маңызын баса айтып, сол жолда барлық мүмкіндіктерді қарастыруды тапсырған. Осы мақсатта оқу үлгерімі жоғары, республикалық олимпиада, байқау жүлдегері атанған, ғылым жолында өз қолтаңбасын қалыптастыруға ниет еткен, мәдени және спорттық іс-шараларға белсене араласатын студенттерге президенттік стипендия тағайындау туралы шешім қабылданды. Биыл Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің біршама студенті осы стипендия иегері атанды. Соның ішінде «Журналистика» мамандығының 3-курс студенті Азамат Абимолда да бар.

– Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенті болу – мен үшін мақтаныш. Университеттің білім алушыларға

берер мүмкіндігі көп. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы шетелдегі университеттерде білім алып, қос диплом бағдарламасымен екі жақты маман болып



қалыптасуға мүмкіндік бар. Одан қалса, білікті ұстаздардан тәлім алып, үздік білімін үшін президенттік стипендия иегері атану-

ына болады. Ол үшін барлық пәннен «Өте жақсы» бағада оқып, GPA көрсеткіші бойынша жоғары орында болуын талап етіледі. Одан соң, шығармашылығым сараланды. Осы уақытқа дейін жеткен жетістіктерім, мақалалар, ғылыми жобаларымды қарап, бірнеше студент ішінен тек лайықты деген жанға бұйырды. Бұл стипендия менің мақсаттарымның әрі қарай айқындалуына жол ашып, білімге деген құштарлығымды одан әрі оятты десем де болады.

Білімі арқылы қатарластарына үлгі көрсетіп отырған Азамат бүгінде «Халық» газетінің тілшісі. Болашақта қаламы қарымды, елі үшін аянбай еңбек етер журналист болу үшін, бүгіннен тәжірибе жинап бастапты. Адал еңбекпен мақсатқа жетуді қалайтын Азаматтан жақсы маман шығарыңа сенімдіміз.

Құндыз ӘБУТӘЛШОВА,
Журналистика мамандығының
3-курс студенті

МЕН ТАҢДАҒАН МАМАНДЫҚ!

Журналист - өз шығармашылығы арқылы қоғамға, адамға қызмет ететін, әркез жаңаны жақтаушы, бар жақсылықты қолдаушы жан. Журналист қандай дәрежеде жұмыс істесе де, қоғамдық ақпараттық саланың қызметкері болып есептеледі. Әлемде, тіпті елімізде орын алып жатқан оқыс оқиғалар, қуанышты хабарлар менің осы мамандықты таңдауыма түрткі болды. Содан осы мамандықты игеріп, білікті маман болып, халқыма қызмет етуім керек деген мақсат қойдым.

Мақсатымның алғашқы баспалдағы, болашағымның іргетасы – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде қаланды. Қазір «Журналистика» мамандығының 2-курс студентімін. Бүгінде білікті, білімді ұстаздардан дәріс алып, журналистика саласының қыр-сырын меңгеру үстіндемін.

Университет қабырғасында білім ала жүріп, шығармашылық дамуға мол мүмкіндіктер қарастырылғаны ерекше қуантады. Дәрістегі теориялық білімімізді практика жүзінде шыңдауға мүмкіндік беретін, соңғы үлгідегі құралдармен жабдықталған телестудияда күніміздің қалай өткенін аңғармай да қаламыз. Бүгінде онда «Сіз білесіз бе?», «Кино әлеміне шолу», «Ой-перне», «Сәті түскен сұқбат» сынды тұрақты бағдарламалар жүргізіліп отыр. Бастысы, білім ошағын тәмамдамай жатып-ақ, өз саламыздың бір маманы болып шығарымыз анық.



Ұстазы мықтының ұстанымы мықты дейді. Өрқашан ақиқаттан айнымау – журналист парызы деп үйретіп, мамандықтың машақатына машықтатып, әр баланың бойынан ізгілікті, ізденісті іздеп отыратын – ұстаздарымыз. Университет қабырғасынан түлеген талай түлек бүгінде республикалық, облыстық телеарналарда, баспасөз беттерінде қызмет етіп жүр. Осы тұрғыда қаламы қарымды журналист тәрбиелеуде аянбай еңбек етіп жүрген ұстаздарымыз- Зухра Ермағанбетова, Аягөз Абдразақова, Асыл Оразова, Гаухарай Есімова апайларыма ерекше алғысымды айтамын.

Сексен бес жылдық тарихы бар Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті – білікті маман даярлаудағы іргелі оқу орны қатарында. Ал мен таңдаған «Журналистика» мамандығына биыл жиырма бес жыл толып отыр. Балалық шақта бастауың алған арманымның негізі осы білім ошағында қаланғанына шексіз ризашылығымды білдіремін. Болашақта кәсіби маман ретінде қалыптасып, Алаш жұрты үшін қызмет етеріме сеніммен қараймын.

Әсел АСЫЛБЕК,
Журналистика мамандығының
2-курс студенті

СТУДЕНТТІК ӨМІРДІҢ ҚЫЗЫҚТАРЫ

Өмір баспалдақтарының екінші бір кезеңіне аяқ басқанымызды үлкен қуаныш көрдік. Біз үшін студенттік өмір – қызығы таусылмас дәурен секілді еді. Ата-ананың берген ақшасын қалтаға салып, алғашқы бір айды тоқшылық пен кеңшілікте өткізген балмұздақтардың алдынан тест сынақтары күтіп тұрғанын мүлде сезінбесек керек. Кітап парактап, дәптерді шимайлаған студент көрсек төбе шашымыз тік тұратын. Біздің бойымызды қорқыныш түбегейлі жаулай алмады. Себебі, ата-анадан жырақтап өзге елге, не болмаса өзге қалаға асықпадық.

Жаңа орта, жаңа ғимарат, жаңа ұстаздар мен бұрын мүлде естімеген мамандыққа сай термин сөздер. Өмір өзгеріп кеткендей. “Аудитория, Эдвайзер, Рубежка, Силлабус” – сынды сөздер айтылып жатыр. Білмесе де білгендей кейіп танытқан топтастардың жүзінен қуаныш сезіледі. Кезекпен өздерін таныстырып, білім алуға сақадай сай екендерін тілге тиек еткендері де болды. Араға ұзақ уақыт салмай-ақ бұл өмірге де үйренісе бастадық. Еркіндік, ұмтылыс, қайсарлық қазықтай қағылып, арқаға ауыр жүк байланды.

Студенттерді бөліп жару мүмкін емес. Жарқын естелікке тоймайтын білім алушыларды өз қызығушылықтарымен ғана ерекшеленетінін ойламасақ керек. Бірін

өтілген сабақ қызықтырса, енді бірін өтілген шара қызықтыратын. Өз идеяларын жүзеге асыруға ұмтылған студент жолына тұсау болмайтын оқытушылардың асқан білімділігі зор қошеметке ие.

“Сынақтан сүрініп, студенттік өмірге налыған кей жандардың тілегі қабыл болды ма? “ – деген ой келеді кейде. Индет дендеп, қашықтықтан білім алу жүйесіне көшкен күні бас киімдерін аспанға ұшырған студенттерді көп ұзамай сағыныш сазы кернегендей. Ыстық ұяға айналған білім ошағының ұмытылмас сәттерімен студенттік өмірдің бал күндері көңілді толғандырмай қоймады. Дәстүрлі білім алу жүйесі орнап, бақытты сәттің бағасын түсіндік. Дидарласа пікір алмасып, көпті көрген оқытушының жүзін көре отырып білім нәрімен сусындаудың бақыт екені даусыз. Үлкен қаланы армандаған мендегі махабатты оятқан оқу орнындағы оқытушылар. Әр студентке өз баласынан кем қарамайтын ұстаз мәртебесі жоғары. Таңсық өмірден көкірек көз ашылып, жаңаша көзқарастың қалыптасуы тұлғаны қоршаған ортаға байланысты. Ал, студент өмірінің әр кірпіші біз жүрген ортамен қаланатынын еш жадымыздан шығармайық.

Әйгерім ӘЛІШЕР,
3-курс студенті

БІЛЕСІҢ БЕ?

Білесің бе,
сен қалаға келеді дегенді естіп,
анам тойдан қайтқандай елеңдестік.
ән-күй салдың алғашқы бас косуда,
әлқиссамды бастадым мен енді өстіп.

Білесің бе,
көрер көзге жүргенмен көңіл алшаң,
жын ұрады сен жым-жырт болып алсаң,
күңіреніп жатады менің мұңым,
қобызыңды қиылып қолыңа алсаң.

Білесің бе,
саған мендей басқа кім елжіресін?!
маған сендей қай асыл мөлдіресін?!
әрегідік әрлесем домбырамды,
күмбірінде күлімдеп сен жүресің.

Білесің бе,
сол кеште бір қар жауды, сәл күн борап,
берші дедім дұрыстап шарфымды орап.
сылтауымда бар тапқан сол-ақ еді,
топқа ілесе жөнелдің салқын қарап.

Білесің бе,
сен жүргенде минуттар санаулы еді,
темір жолдың еседі самал лебы.
жанындағы қос құрбың екі жақтап,
жақындата қоймады саған мені.

Білесің бе,
суыта алған жоқ мынау қыс демімді,
доғармадым сен жәйлі түс көруді.
сол бір жолы шығарып салғаныммен,
шығара алмай қайтып ем іштегімді...


Білесің бе,
қаңыратып қалдырып қала жақты,
силап сол күн бойыма сан азапты,
Арал жаққа бет алған от арбада,
от жүрегім өртеніп бара жатты.
Ал, сен ештеңе де білмейсің...

Жамбыл БАҚЫТӘЛІПҰЛЫ

ӘЗІЛІҢ ЖАРАССА...

Дәрісхана. Емтихан өтіп жатыр. Профессор студентке:

СЕССИЯ



– Аты-жөніңіз кім?
Студент күлімдеп:
– Ербол Бекжанов.
Профессор:
– Сіз неге күлімдеп тұрсыз?
Студент:
– Бірінші сұраққа дұрыс жауап бергеніме ризамын.

Екі студент кездесіп қалады. Біріншісі екіншісінен:

– Қайда асығып бара жатырсың?
– Емтиханға!
– Емтиханың қай пәннен?
– Барғасын айтады ғой...

Студенттер асханасы:

– Апай, бір порция манты беріңізші.
– О, жаңалық қой! Шәкіртақы алдың ба?
– Жоқ! Және бес қасық беріңіз!

– Студент Алпысбаев, сіз неге мені тыңдамай отырсыз? – дейді профессор:

– Мен сізді тыңдап отырмын профессор – дейді студент.

– Олай болса менің соңғы айтқандарымды қайталаңыз.

– Студент Алпысбаев, сіз неге мені тыңдамай отырсыз.



ҚҰРМЕТТІ, ЖАС ДОС!

Егер университетте білім алып қана қоймай, қоғамдық жұмыстарға белсене араласуды көздесең, жаңа достар тауып, арманыңа бір қадам жақындай түсуді мақсат етсең, уақытыңды тиімді пайдаланып, шығармашылығына жол ашуды қаласаң

БЕЛСЕНДІЛЕР ҚАТАРЫНА ҚОСЫЛ!



Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тексеріліп, №331-Г куәлігі берілген.

Бас редактор:
Қ.Ә.Омаров

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Б.С.КӘРІМОВА - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры
А.Т.ЖҮНІСОВ - Академиялық мәселелер жөніндегі проректордың м.а.
Ж.Н.БАЗАРТАЙ - әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор
Ғ.Ә.ТҰЯҚБАЕВ - университет профессоры

Газет тілшілері:

Аида БАТЫРБЕКҚЫЗЫ

SYR TULEGI
student jastar gazetі

Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.